


FACULTY OF HUMANITIES  
EÖTVÖS LORÁND UNIVERSITY, BUDAPEST, HUNGARY  
Department of Inner Asian Studies  
1088 Budapest, Múzeum krt. 4/B  
Phone (36) 411 6500 / 2952, 2037  
Fax: 411 6700 / 2952  
E-mail: mongol@btk.elte.hu  
www.tavolkeletiintezet.elte.hu

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің  
«6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты  
Мукушева Құралайдың философия ғылымдарының (PhD) докторы  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
«XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ: ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ  
ЖӘНЕ "ДАЛА" КОНЦЕПТІ» атты диссертациясына

#### шетелдік кеңесші ШКІРІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінің «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Мукушева Құралайдың философия ғылымдарының (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ: ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ "ДАЛА" КОНЦЕПТІ» атты диссертациясы XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетаным бейнесі мен "Дала" концепті ұғымын ғылыми жүйеде қарастыруға арналған. Сол кезеңдегі Алаш қайраткерлерінің қоғамның рухани жағынан даму үрдістеріне арналған идеялары мен ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы қоғамдық белсенділігі газет-журнал беттеріндегі көсемсөз дүниелері арқылы көрінді. Қоғамның білімділікке ұмтылып, руханилыққа бет бұруына қазақ зиялылары да ерекше көңіл бөліп, ерекше ыждағаттылық танытты. Мәселен, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұв: «Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Еуропадай зор істеуге болмаса да, бойымызға шағындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады. Осыны есімізге алып, Еуропа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтайық», – деп қазақ қоғамына XX ғасырдың басында рухани тұрғыдан алғанда өте қажет болған, әмбебап үлгіні Еуропадан, оның мәдениетінен іздеудің қажеттігін ұсынған болатын.



FACULTY OF HUMANITIES  
EÖTVÖS LORÁND UNIVERSITY, BUDAPEST, HUNGARY  
Department of Inner Asian Studies  
1088 Budapest, Múzeum krt. 4/B  
Phone (36) 411 6500 / 2952. 2037  
Fax: 411 6700 / 2952  
E-mail: mongol@btk.elte.hu  
www.tavolkeletiintezet.elte.hu

Ғылыми жұмыста казак дүниетанымындағы рухани-этиологиялық, әдеби-мәдени жетістіктер мен іркілістер толыққанды зерттелген. Алаш мұраларындағы «Дала» концептісі лингвомәдениеттану аспектісінде теориялық-әдіснамалық тұрғыда сараптамадан өткен. Жалпы ұлттың көсемсөз нұсқаларының казак халқының мәдени құндылықтарының дамуына ерекше әсер еткендігі бірнеше ғылыми-танымдық деректер арқылы дәлелденіп, көсемсөздегі «Дала» лингвомәдени концептілік тұрғыда тұжырымдалып, кешенді талдаулармен дәлелденді. Бұл әдіс диссертацияның тақырыбының өзектілігін арттыра түседі. Ғылыми талдаулардың нәтижесінде «Дала» концептісі халық ауыз әдебиетінен бері қарай динамикалық осу дәрежесіне жеткендігі айқындалған. Сонымен қатар ғылыми жұмыста «Дала» концептісінің семантикасын құрайтын тілдік бірліктердің құрылымдық таңбасының ғылыми-теориялық тұжырымдары жасалды. «Дала» концептісінің түпкі негізі ұлттық танымнан өрбігендігі гуманистік-этикалық, көркем ойлау, рухани сауықтандыру, әлеуметтік жетілдіру, адамсүйгіштік қасиеттерге ұласқандығы алаш қайраткерлерінің көсемсөз мұралары бойынша дәлелденген. Қазак көсемсөзі туралы аз зерттелген жоқ. Бірқатар еңбектердің бар екендігі де мәлім. Десек те, «Алашорда» қозғалысына 100 жыл өтсе де оның тарихи маңызы одан сайын арта түсуде. Оның дүниетанымдық және концептілік тұрғыдан зерттелуі бүгінгі ұлттық мүддемен сабақтасқандығымен құнды болып есептеледі. Қазіргі жаһандану жағдайында халықтың ұлттық ойлау мақсаты мен ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға негіз боларлық публицистикалық тарихи деректерге деген ғылыми-танымдық көзқарастары жаңара бастады. Бұл мәдени жаңа үдерістер қазіргі Қазақстанның тарихи даму кезеңдерінің маңызды тұстарын тереңдетіп отыр. Алаш көсемсөз тұлғаларының азаматтық бейнесін анықтаған сайын ел тарихының кәдірі арта түседі, сонымен қатар қазіргі замандағы Қазақстанның ұлттық рухани жаңғыруының да өзіндік жалғасы болатыны ақиқат. Осы зерттеу жұмысында «Дала» концептісін айқындауда далалықтардың өмір сүру, тіршілік ету, соның ішінде олардың менталитеттерінің өзгешелігі туралы тарихи деректердің құндылығы жоғары болып табылады. Тарих беттерін парактағанда қазақтардың Алтай тауларынан Каспий және Қара теңіздер жағасына дейін, Батыс-Сібір жазығы мен Орал тауларынан Тянь-Шаньнің солтүстік сілемдеріне дейін тіршілік етіп жүргені айтылады. Сол себепті де олар үшін Дала жай ғана қоршаған орта емес, ол – тірі, жанды бейне, «Ұлы Дала». Өзін сол Жер – Ананың перзентімін, «Ұлы дала ұрпағымын», «Туған жер топырағынан жаралдым» дейтін адамның санасында туған жерді қорғау - арыңды, өз өміріңді қорғау деп есептелген.



FACULTY OF HUMANITIES  
EÖTVÖS LORÁND UNIVERSITY, BUDAPEST, HUNGARY  
Department of Inner Asian Studies  
1088 Budapest, Múzeum krt. 4/B  
Phone (36) 411 6500 / 2952, 2037  
Fax: 411 6700 / 2952  
E-mail: mongol@btk.elte.hu  
www.tavolkeletiintezet.elte.hu

Осыған орай халық даналығынан қалған «Ер – елдің көркі, ел – жердің көркі», «Дала тосіп еміп өскен, ат жалын тартып мінген» дейтін халық макалдары да бар. Еуропалық көзқарасқа сай табиғатты тек қана қажеттілікке жарату, пайдалану, оның байлығын алып, керекке жұмсау деген біржақты дүниетаным пайда болған. Ал, қазақтың дүниетанымында табиғатпен қарым-қатынас құру өзегі өзгеше екен. Қазақ табиғаттың қыр-сырына етене жақындығын, рухани кіндіктес екенін өте терең және жан-жақты философиялық тұжырым ретінде сабақтайды, ол – ел мен жер егіз деп қарайды. Диссертант табиғатпен қарым-қатынасының әдебиет жанрларына әсерінің сырын осында деп ұғады. Қазақ халқына образды, бейнелі ойлау өрісі тән. Сол бейнелі ой өрісіне сай, мысалы, ай-жұлдызға бата қылғанда, онда астарлы мән бар, аталы ұғым екендігіне тоқталады. Осының негізінде табиғат пен адамның үйлесімділігіне қатысты қазақ мәдениетінде көркем бейнелер мен әлеп принциптері қалыптасқан. Жалпы зерттеу жұмысында диссертант Қ. Мукушева XX ғасырдағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетанымды «Дала» концептісімен байланысты қарастырып, қазақ мәдениетіндегі орнын анықтауға тырысқан. «Жер», «Дала», «Атамекен» ұғымдары қазақ мәдениетінің дүниетанымдық құндылықтарын айқындайтын мәдениеттанушылық категория екендігі анықталған. «Дала» концептісін ұлттық ойлаудың коды ретінде қарастырған. Жалпы, ғылыми жұмыстың тақырыбының өзектілігі дәл айқындалып, мақсаты мен міндеттері орындалған. Диссертант тақырыпқа қатысты көп мәліметтер тапқан. Диссертацияда XX ғасыр басындағы баспасөз беттерінде жарияланған құнды тарихи деректер өте көп пайдаланылған. Зерттеу жұмысының ғылыми жетістіктерін жоғары бағалай отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Мукушева Құралайдың «XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және "Дала" концепті» атты диссертациясына философия ғылымдарының (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп бағалаймын.

Шетелдік кеңесші,

Лоранд Этвеш атындағы университеттің (Венгрия, Будапешт қаласы)

гуманитарлық пәндер факультетінің профессоры

Д.Шомфай Кара (PhD)